Оңтүстік Қазақстан облысы

Шардара ауданы
әкімдігі

Акимат
Шардаринского района

Южно-Казахстанской области

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Мәңгілік болсын

Шардара қаласы

№ 392

город Шардара

Мемлекеттік мекемелер туралы

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңдарына және Шардара аудандық мәслихатының 2018 жылғы 5 шілдедегі № 29-200-VI шешіміне сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

- Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесін бөлу жолымен Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Шардара аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып;

- Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесін бөлу жолымен Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Шардара аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылсын.

2. Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Т.Әлімқұл), «Шардара аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Н.Мырзахметов) қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес:

1) қайта ұйымдастырылатын Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі», «Шардара аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемелерінің кредиторларын бұл жөнінде жазбаша хабардар етуді;

2) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі», «Шардара аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемелерінің мүліктік құқықтары мен міндеттерін жаңадан пайда болатын заңды тұлғаларға бөлу балансын жасап, аудан әкімдігінің бекітуіне ұсынуды;

0000999

3) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Шардара аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Шардара аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Шардара аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ережелерді аудан әкімдігінің бекітуіне ұсынуды;

4) еңбек заңнамасына сәйкес қайта ұйымдастырылатын Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі», «Шардара аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемелерінің қызметкерлерін хабардар етуді қамтамасыз етсін.

3. Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Н.Қалмұратов) қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес осы қаулының 1-тармағына сәйкес жаңадан пайда болатын заңды тұлғаларды ұстауға қажетті қаржы көлемін қарастырсын.

4. Шардара ауданы әкімінің аппараты (Г.Амантай) және Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Т.Әлімқұл), «Шардара аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» (Н.Мырзахметов) осы қаулыдан туындайтын басқа да қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Жолдыбайға жүктелсін.

Аудан әкімі **Б. Кистауов**